

**«КазТрансГаз» АҚ**

**Шоғырландырылған қаржылық есептілік**

*2013 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
тәуелсіз аудиторлардың есебімен бірге*

## **МАЗМУНЫ**

---

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

### **Шогырландырылған қаржылық есептілік**

Каржылық жағдай туралы шогырландырылған есеп.....	1-2
Жиынтық кіріс туралы шогырландырылған есеп .....	3
Акша қаражатының козғалысы туралы шогырландырылған есеп .....	4-6
Капиталдағы өзгерістер туралы шогырландырылған есеп .....	7
Шогырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер .....	8-63

## Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Акционері мен Басшылығына:

Біз «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі - «Топ») қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және көрсетілген құнға аяқталған жыл үшін акша каражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы акпарат пен басқа да түсіндірме акпарат жатады.

### ***Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі***

Топ басшылығы осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге әрі басшылықтың пікірінше алайқтықтың немесе катенің салдарынан маңызды бүрмалануы жок шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп айқындастын ішкі бақылау процедурапары үшін жауап береді.

### ***Аудиторлардың жауапкершілігі***

Біздің міндетіміз жүргізілген аудит негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сактауымызды, аудитті қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікте маңызды бүрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындағы етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудитке шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған сомалар мен акпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған процедурапарды орындау кіреді. Алайқтықтың немесе катенің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің едәуір бүрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедурапарды тандау аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, накты жағдайларда қажет аудит процедурапарын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ аудитке тандалған есеп саясатының дұрыстығын және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін бағалау және жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын бағалау жатады.

Біз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіруге жеткілікті әрі тиісінше деп санаймыз.

**Пікір**

Біздің ойымызша шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық манызды аспектілерде «ҚазТрансГаз» АҚ-ның және оның еншілес қасіпорындарының 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін олардың шоғырландырылған қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес лайыкты түрде көрсетеді.

*Ernst & Young LLP*

Бахтиёр Эшонкулов  
Аудитор / аудит жөніндегі партнер



Аудитордың 2012 жылғы 27 тамыздагы  
№ МФ-0000099 біліктілік куәлігі

Евгений Жемалетдинов  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2  
№0000003 болатын Қазақстан Республикасының  
аумагында аудиторлық қызметпен айналысуга  
арналған мемлекеттік лицензия

2014 жылғы 20 ақпан

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2013 жылдың 31 желтоқсанына

Мын тәнгемен	Ескер.	2013	2012 (Қайта есептелгені)*	2012 жылғы 1 қантар (Қайта есептелгені)*
<b>АКТИВТЕР</b>				
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>				
Материалдық емес активтер		1.250.331	1.829.026	2.111.140
Негізгі құралдар	5	419.069.759	355.031.618	282.393.628
Газ активтері	6	21.672.046	18.324.274	17.395.105
Бірлескен көсіпорындарға инвестициялар	7	94.035.381	73.864.971	70.806.796
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	8	15.205.244	19.217.557	6.018.624
Банктердегі салымдар	12	5.830.660	105.375	59.216
Пайдалануда шектелген ақша қаржаты	12	2.557.997	160.798	131.456
Өтеуге ҚҚС		6.671.584	1.829.604	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер	29	446.115	-	-
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		1.440.359	4.128	185.877
		568.179.476	470.367.351	379.101.842
<b>Ағымдағы активтер</b>				
Тауар-материалдық қорлар	9	22.698.641	23.504.555	24.581.740
Сауда жөне өзге де дебиторлық берешек	10	47.587.681	34.767.434	28.025.546
Байланысты тараптарға берілген пайызызыз қарыздар	30	57.101	19.507.000	45.000
Берілген аванстар	8	3.427.983	2.850.709	1.764.397
Өтелетін салықтар	11	13.944.806	13.568.559	6.999.473
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала телем		4.402.555	5.029.433	6.640.472
Банктердегі салымдар	12	11.481.155	15.740.204	31.432.604
Ақша қаржаты жөне олардың баламалары	13	10.532.914	7.714.266	56.264.211
		114.132.836	122.682.160	155.753.443
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>682.312.312</b>	<b>593.049.511</b>	<b>534.855.285</b>
<b>КАПИТАЛ ЖӨНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>				
<b>Капитал</b>				
Жарғылық капитал	14	144.011.655	139.917.435	108.658.404
Қосымша төленген капитал	14	7.369.647	10.880.713	7.229.256
Шетел валютасынан қайта есептей бойынша резерв		154.457	5.860	5.860
Бөлінбекен пайда		283.100.106	233.347.907	217.094.747
		434.636.865	384.151.915	332.988.267
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>				
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	82.527.839	80.870.349	79.505.683
Пайыздық қарыздар	16	5.990.952	6.223.805	8.620.705
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	17	2.651.942	937.820	606.118
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек		103.058	-	679.960
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	18	7.217.465	5.598.613	3.251.577
Резервтер	19	2.244.917	1.039.997	1.248.987
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	29	23.251.629	19.078.324	15.756.162
		123.987.702	113.748.908	109.669.192

8-63 бет аралығындағы түсіндірмеле ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылmas болігі болып табылады.

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП****2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

<b>Мын төңгемен</b>	<b>Ескер.</b>	<b>2013</b>	<b>2012 (Қайта есептелгені)*</b>
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен кірістер	24	<b>288.317.189</b>	261.532.684
<b>Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны</b>	<b>25</b>	<b>(209.677.956)</b>	<b>(197.560.939)</b>
<b>Жалпы пайда</b>		<b>78.639.233</b>	<b>63.971.745</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	26	<b>(23.794.840)</b>	(20.913.973)
Өзге де операциялық кірістер	27	<b>5.205.504</b>	5.073.598
Басқа да операциялық шығыстар	27	<b>(6.009.560)</b>	(2.510.948)
<b>Операциялық қызметтен болған пайда</b>		<b>54.040.337</b>	<b>45.620.422</b>
Қаржылық кірістер	28	<b>1.446.401</b>	1.517.212
Қаржы шығындары	28	<b>(7.956.969)</b>	(6.682.834)
Бірлескен көсіпорындардың пайдасындағы үлесі	7	<b>19.987.613</b>	693.470
Теріс багамдық айырма, нетто		<b>(1.310.921)</b>	(770.607)
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>		<b>66.206.461</b>	<b>40.377.663</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	29	<b>(15.753.117)</b>	(12.139.340)
<b>Бір жылғы таза пайда</b>		<b>50.453.344</b>	<b>28.238.323</b>
<b>Өзге жиынтық кіріс</b>			
<b>Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жататын жиынтық кіріс</b>		<b>148.597</b>	-
Шетел валюталарын қайта есептеу			
<b>Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын жиынтық кіріс</b>			
Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша актуарлық залалдар	17	<b>(813.931)</b>	-
Табыс салығының әсері		<b>162.786</b>	-
<b>Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын таза жиынтық кіріс</b>		<b>(651.145)</b>	-
<b>Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны</b>		<b>49.950.796</b>	<b>28.238.323</b>

\* Жоғарыда көлтірілген кейбір сомалар 2012 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді және солар туралы егжей-тегжейлі ақпарат 4- ескертпеде көлтірілген жасалған түзетулерді көрсетеді.

Экономика және қаржы жөніндегі Бас директордың орынбасары

Бас бухгалтер



D.A. Koshelev



T.K. Altynbaeva

ХҚЕС және басқарушылық есептілік департаментінің директоры



G.S. Topen

8-63 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылmas боллігі болып табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП****2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

<b>Мын төңгемен</b>	<b>Ескер.</b>	<b>2013</b>	<b>2012 (Қайта есептелген)*</b>
<b>Операциялық қызметтөн болған ақша ағындары:</b>			
Салық салуға дейінгі пайда		<b>66.206.461</b>	40.377.663
<b>Мыналарға түзету:</b>			
Тозу мен амортизацияға		<b>23.716.846</b>	21.046.794
Қаржылық шығындар, нетто	28	<b>6.510.568</b>	5.165.622
Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	7	<b>(19.987.613)</b>	(693.470)
Газды тасымалдау резерві		<b>11.261.047</b>	-
Резервтердегі взгеріс		<b>(1.656.520)</b>	89.592
Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы	27	<b>(311.011)</b>	(203.768)
Қызметкерлерге берілген тұрғын үй етемақыларының амортизациясы		<b>71.558</b>	-
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді еткізуден болған залал	27	<b>740.520</b>	258.321
Іске асырылған теріс бағамдық айырма		<b>1.710.005</b>	1.450.686
Шарт бойынша есептелген шығыстар		<b>714.540</b>	1.242.265
Газ қарыздарының операциялары бойынша залал / (кіріс)	27	<b>1.197.857</b>	(537.074)
Негізгі құралдардың құнсыздандыру	27	<b>939.375</b>	-
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		<b>822.248</b>	366.674
<b>Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық пайда</b>		<b>91.935.881</b>	68.563.305
Тауар-материалдық қорларданғы взгеріс		<b>(9.519.844)</b>	(2.812.141)
Сауда және басқа да дебиторлық берешектегі және басқа да ағымдағы активтердегі взгеріс		<b>(12.245.287)</b>	(6.764.628)
Берілген аванстарданғы взгеріс		<b>(576.287)</b>	(1.077.674)
Өтеуге жататын салықтарданғы взгеріс		<b>(5.155.745)</b>	(7.520.521)
Сауда және взге де несиелік берешектегі взгеріс		<b>5.312.784</b>	7.500.803
Газ қарыздары бойынша берешектегі взгеріс		<b>(8.538.296)</b>	9.565.462
Төленетін салықтарданғы взгеріс		<b>(661.697)</b>	(491.290)
Алынған аванстарданғы взгеріс		<b>639.398</b>	(35.973.599)
Әзге де ағымдағы міндеттемелердегі взгеріс		<b>(1.355.893)</b>	2.275.098
Әзге де үзақ мерзімді міндеттемелердегі взгеріс		<b>-</b>	<b>11.656</b>
<b>Операциялық қызметтөн түскен ақша қаражатының түсімі</b>		<b>59.835.014</b>	33.276.471
Төленген пайыздар		<b>(6.717.926)</b>	(6.191.340)
Төленген табыс салығы		<b>(8.115.138)</b>	(6.166.052)
Банк салымдары бойынша алынған пайыздар		<b>584.720</b>	1.230.943
<b>Операциялық қызметтөн түскен / (пайдаланылған) таза ақша ағындары</b>		<b>45.586.670</b>	22.150.022

8-63 бет аралығындағы түсіндірме ескерттөлөр осы шоғырланылған қаржылық есептіліктің ажыратылmas болған табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП  
(жалғасы)**

Мың теңгемен	Ескер.	2013	2012 (Кайта есептелгені)*
<b>Инвестициялық қызметтөн ақша ағындары</b>			
Банк салымдары		(557.418)	15.542.651
Пайдалануда шектелген ақша қаражатын орналастыру		(2.397.198)	(29.342)
Байланысты таралттарға берілген пайызысыз қарыздар		(50.101)	(19.507.000)
Байланысты таралттар етеген пайызысыз қарыздар		19.500.221	59.222
Негізгі құралдар мен газ активтерін сатып алу		(67.170.444)	(44.333.902)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(113.863)	(197.900)
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсім		3.539.355	9.312
Қызметкерлерге берілген түргын үй өтемақысы		(1.508.011)	-
Бірлескен көсіпорындарға инвестициялар		(34.200)	(2.364.705)
Басқа да алынған дивидендтер		-	231.094
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар		(3.478.686)	(19.212.255)
<b>Инвестициялық қызметке лайдаланылған таза ақша ағыны</b>		(52.270.346)	(69.802.825)
<b>Каржылық қызметтөн түскен ақша ағындары:</b>			
Банк қарыздары бойынша түсімдер		85.811.902	39.018.583
Банк қарыздарын өтеу		(76.259.578)	(27.930.561)
Акционерге бөлу		(50.000)	-
Төленген дивидендтер	14	-	(11.985.164)
<b>Каржылық қызметтөн түскен / (пайдаланылған) таза ақша ағындары</b>		9.502.324	(897.142)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		2.818.648	(48.549.945)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның эквиваленттері	13	7.714.266	56.264.211
<b>Жыл аяғындағы ақша қаражаты мен оның эквиваленттері</b>	13	10.532.914	7.714.266

\* Жоғарыда көлтірілген кейбір сомалар 2012 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді және солар туралы егжей-тегжейлі ақпарат 4- ескертпеде көлтірілген жасалған түзетулерді көрсетеді.

**АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР – АҚПАРАТТЫ ҚОСЫМША АШЫП КӨРСЕТУ:**

Мына ақшасыз операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынды тасталды:

**Жарғылық капиталды ұлттайту**

2013 жылдың ішінде Топ номиналды құны 10.000 теңге болатын 409.422 дана көлемінде жай акцияларды шыгарды. Акцияларды жалғыз Акционер сатып алды, «Арқагаз» АҚ-ның акцияларымен толенді.

**Негізгі құралдарды беру**

2013 жылы Топ өтесіз негізде 1.557.540 мың теңге сомасына негізгі құралдарды алды. Алынған негізгі құралдар бойынша барынша егжей-тегжейлі ақпарат 5-ескертпеде көлтірілген (2012 жылы: 2.354.219 мың теңге).

Сондай-ақ 2013 жылы Топ өз тұтынушыларынан 287.906 мың теңге (2012 жылы: 318.315 мың теңге) сомасына газ құбырларын және ағымдағы құны 24.398 мың теңге болған ұзақ мерзімді вексельдерге айырбас ретінде құны 65.286 мың теңге болатын қолданыстағы болестін газ құбырларын алды.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

### 1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

Қоса беріліп отырган шоғырландырылған қаржылық есептілікке «КазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі «Компания» немесе «КТГ») және оның еншілес ұйымдарының (бірлесіп «Топ» деп аталады) қаржылық есептілігі кіреді (2-ескерте).

КТГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі «Үкімет») 2000 жылғы 5 акпандагы № 173 Қаулысының негізінде бекітілген және 2000 жылғы 13 наурыздығы жабық акционерлік қогам күйінде тіркелген акционерлік қогам болып табылады. 2004 жылғы 9 маусымда Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қогам болып қайта тіркелді. Топтың бас кеңесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр данғылы, 19 мекенжайы бойынша орналаскан.

«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ (бұдан әрі «КазМұнайГаз») КТГ-ның жалғыз акционері болып табылады. ҚазМұнайГаз-дың жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық Өл-аукат Коры» АҚ (бұдан әрі «Самұрық-Қазына») арқылы Үкімет болып табылады және «КазМұнайГаз» бен «Самұрық-Қазына»-ның барлық еншілес ұйымдары Компанияның және Топтың байланысты тараптары ретінде карастырылады (30-ескерте).

КР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 Қаулысына сәйкес «КазТрансГаз» акционерлік қогамы газ және газбен камсыздандыру саласында ұлттық оператор болып аныкталды. Топтың ұлттық оператор ретінде негізгі міндеті Қазақстанның тауар газындағы ішкі мұқтаждықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына мыналар кіреді:

- Қазақстанда магистральды құбырлардың газ көлік жүйелерін жалпы дамыту үшін инвестициялық қызметті басқару;
- Қазақстанда газ кеніншерін әзірлеу үшін инвестициялық қызметті басқару;
- газ өнеркәсібінде жобаларды зерттеу және әзірлеу бойынша кенес беру қызметтерін көрсету;
- шетелдік және жергілікті нарықтарда газды еткізу;
- газ өнеркәсібін дамытуың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және ендіру бағдарламасына катысу.

Қоса беріліп отырган шоғырландырылған қаржылық есептілікті шыгаруға Компанияның Экономика және қаржы жөніндегі Бас директордың орынбасары, Бас бухгалтері мен ХКЕС және басқарушылық есептілік департаментінің директоры 2014 жылғы 20 акпанды бекітті.

### Көмірсүтектерді барлау және өндіру

2000 жылғы желтоқсанда Топ Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен Жабмыл облысының, Оңтүстік Қазақстан Аманкелді, Анабай, Айракты және Құмырлы газ кеніншерін қоса алғанда, Солтүстік Ушарал, Ушарал-Кемпіртөбе аумактарында, сондай-ақ XXXIII-48, XXXIII-49, XXXIV-49, XXXIV-50, XXXIV-51, XXXV-50 блоктарында көмірсүтектерді барлау және өндіру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған Келісімшартқа (бұдан әрі «Көмірсүтектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт») қолын қойды. Көмірсүтектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың қолданылу мерзімі 31 жылды құрайды. 2003 жылғы караашада Топ Аманкелді кеніншінде газды өндіруді және еткізууді бастады.

Көмірсүтектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың талаптары бойынша Топтың, егер комірсүтектің коммерциялық тиімді корлары анықталмаған жағдайда, өзінің кез келген келісімшарттың аумағынан бас тартуға құқығы бар.

### ИОА мен Үкімет арасындағы шарт

Компанияның 100% еншілес кәсіпорны (2-ескерте) болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ (бұдан әрі «ИОА») ИОА мен Үкімет арасында кол қойылған Шартқа сәйкес (бұдан әрі «Шарт») немесе «Концессия шартты» Қазақстан Республикасында магистральды газ құбырларының желісін басқарады. ИОА 2000 жылы алдынғы оператордан Шартта үлесті алды. Шартқа сәйкес ИОА ИОА шарт мерзімін тағы 10 жылға ұзарту мүмкіндігімен магистральды газ құбырларының желісін 2017 жылғы 14 маусымга дейін басқаруга және қызмет көрсетуге міндетті, содан кейін олар Үкіметке беруі тиіс.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****1. КОРПОРАТИВТИК АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)****ИОА мен Үкімет арасындағы шарт (жалғасы)**

2012 жылғы 31 мамырда ИОА Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінен (бұдан ері «Комитет») сенімгерлік басқару шартын 2013 жылғы 1 кантарга дейін кол кою ұсынысымен Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы хатты алды. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін Комитет Самұрық-Казына арқылы 2012 жылы Шарт бойынша активтерді Топ меншігіне келешекте бере отырып көтерді. Жауап ретінде ҚазМұнайГаз Шарттың бұзылуын мезгілсіз деп есептейтіндігін хабарлады, ойткені Шартқа кез келген өзгерістер мен толыктырулар шетелдік кредиторлармен келісілуі тиіс. Қазіргі уақытта Бағсылық шетелдік несис берушілермен Шартты бұзуга арналған макулдауын алу үшін келіссөздөр жүргізуде.

Сонымен бірге, 2012 жылғы 30 шілдеде Комитет пен ИОП 2011 және 2012 жылдардағы Шарт бойынша шығыстарға қатысты Концессия шартына толыктыруға колдарын койды.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ**

Компанияның коса беріліп отырган қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кенес (бұдан ері «ХҚЕС жөніндегі Кенес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы есептіліктің ескертпелерінде көрсетілгендей әділ құны бойынша бағаланатын активтер мен міндеттемелерді коспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептіліктің барлық сомалары, егер өзгесі көрсетілмесе, мынга дейін доңгелектенген.

**Шоғырландыру негізі**

Еншілес кәсіпорындар соғысының еншілес компанияларға бакылауды алған күнді білдіретін сатып алу күнінен бастап бас компания шоғырландырады және осындағы бакылаудан айырылған күнінде дейін шоғырландыруын жалғастырады. Еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігі Топтың барлық кәсіпорындары үшін есеп саясатын бірізді колданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Топ ішіндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындастын барлық топ ішілік қалдықтар, операциялар, жұмсалмаган кірістер мен шығыстар және дивидендтер толық алынып тасталған.

Бакылауды жогалтпаганда еншілес кәсіпорындағы қатысу үлесінің өзгерісі капиталмен операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес кәсіпорынға бакылауды жогалтса, ол:

- Еншілес кәсіпорындар активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтатады (оның ішінде өзіне жататын гудвилді)
- Бақыланбайтын қатысу үлесінің баланстық құнын тануды тоқтатады
- Капиталда көрсетілген жинакталған багамдық айырманы тануды тоқтатады
- Алынған сыйакының әділ құнын таниды
- Қалған инвестицияның әділ құнын таниды
- Пайда немесе залал құрамындағы операция нәтижесінде туындаған артығын немесе дефицитті таниды
- Бұрын басқа жыныстық кіріс құрамында танылған компоненттердің, пайда мен залалдың немесе болтінбеген пайданың құрамындағы бас компания үлесін накты талаптарға сәйкес қайта жіктейді.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)****Шоғырландыру негізі (жалғасы)***Енишес кәсіпорындар*

2012 жылғы 31 желтоқсандағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілікке косылған келесі үйымдарда катысу үлесі болды:

Атауы	Тіркелген жері	Негізгі қызметі	Катысу үлесі	
			2013 жылғы 31 желтоқсан	2012 жылғы 31 желтоқсан
«Интергаз Орталық Азия» АҚ («ИОА»)	Қазақстан	Газды тасымалдау, сату және сақтау, Қазақстанда газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету	100%	100%
«КазТрансГаз Аймақ» АҚ («КТГ–Аймақ»)	Қазақстан	Газды жергілікті энергия тасымалдаушыларына өткізу	100%	100%
«КазТрансГаз Алматы» АҚ («КТГ–Алматы»)	Қазақстан	Газды сату және бөлу	100%	100%
«КазТрансГаз Тбилиси» АҚ (КТГ–Тбилиси)	Грузия	Газды сату және бөлу	100%	100%
«КазТрансГаз Өнімдері» ЖШС «Аманкелді Газ» ЖШС («АГ»)	Қазақстан	Газды тазарту	100%	100%
«Интергаз Файнэнс Б.В.» («ИФБВ»)	Нидерландтар	Табиги газды және газ конденсатын өндіру	100%	100%
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС («БШГҚ»)	Қазақстан	Еурооблигацияларды шығару (қаражатты тарту) Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану	100%	100%
«Азиялық газ құбыры» ЖШС («АГҚ»)	Қазақстан	Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану	50%	50%
«КырКазГаз» ЖШҚ («ККГ»)	Қыргызстан	Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану «Бухараның газды ауданы-Ташкент-Бишкек-Алматы» магистральды газ құбыры участкесінде жөндеу-калпына келтіру жұмыстары және жаңғырту	50%	50%

Кутаиси қалалық сотының 2009 жылғы 16 наурыздагы шешіміне сайкес Топ өзінің еншілес үйымы «КазТрансГаз – Тбилиси» АҚ бакылаудаған айрымып қалды. Осы еншілес кәсіпорынды шоғырландыру бакылаудан айрылу күнінен бастап тоқтатылды.

*Бірлескен кәсіпорындарга инвестициялар*

Топтың бірлескен бакылаудағы кәсіпорындар нысанындағы бірлескен қызметке катысу үлесі бар, онда бірлескен қызмет катысушылары кәсіпорынның экономикалық қызметіне бірлескен бакылауды белгілейтін шарттық келісімге кірді. Келісім бірлескен қызметке катысушылардан қаржылық және операциялық саясатқа катысты бірауызды шешімдерді кабылдауды талап етеді. Бірлесіп бакыланатын кәсіпорындарға инвестицияларды Топ үлестік катысу адісі бойынша ескереді.

Катысу үлесі адісіне сайкес бірлесіп бакыланатын кәсіпорындарға инвестициялар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бастапқы күны бойынша оған Топка тиесілі бірлесіп бакыланатын кәсіпорынның таза активтері үлесінде сатып алғанинан кейін туындаған өзгерістерді коса ескеріледі. Бірлескен қызметке жататын гудвил инвестициялардың баланстық күніна кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ күнсиздану мәніне дербес негізде тексерілмейді.

Жыныстық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлесіп бакыланатын кәсіпорын қызметінің қаржы иетижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер бірлесіп бакыланатын кәсіпорын капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте колданылса, осы фактіні ашады. Топ пен бірлескен кәсіпорын арасындағы операциялар кезінде туындастын іске асрылмаған пайда мен залалдар шоғырландыру кезінде Топтың бірлескен кәсіпорында катысу үлесі бар дәрежеде элиминацияланады.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### **2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)**

#### **Шоғырландыру негізі (жалғасы)**

##### *Bірлескен касіпорындарга инвестициялар (жалғасы)*

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар пайдастындағы немесе залалындағы Топтың үлесі тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте беріледі. Ол бірлесіп бақыланатын кәсіпорын катысушиларына келетін пайданы немесе залалды білдіреді және сондыктан бірлескен кәсіпорынның сиілес компанияларындағы салық салуды жөне бақыланбайтын катысу үлестерін есепке алғаннан кейін пайда немесе залал ретінде айқындалады.

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорынның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сиякты дәл сол есепті кезең үшін жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру максатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік катысу әдісі колданылғаннан кейін Топ бірлесіп бақыланатын кәсіпорынға инвестициялар бойынша құнсыздандын болған залалды тану кажеттігін айқындауды. Әрбір есепті қүнге Топ бірлесіп бақыланатын кәсіпорынға инвестициялардың объектівті құнсыздану белгілерінің бар екендігін айқындауды. Осындағы айгақтар болған жағдайда Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның өтсілген құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы/(залалындағы) үлес» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте таниды.

Бірлескен бақылауда айырылған жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Бірлескен бақылау жойылған кезде инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығудан түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады. Егер Топ объектіге салынған инвестицияға айтарлықтай әсерін сактаса, қалған инвестициялар қауымдастан компанияга салынған инвестиция ретінде ескеріледі.

#### **Жалпы бақылаудағы тарараптардан еншілес үйімдарды сатып алу**

Еншілес үйімдарды жалпы бақылаудағы тарараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауга берілетін еншілес үйімнің активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру қүніне беретін үйімнің («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашының бараптакыда сатып алған кезде объектівті түрде ескерстің тиісті гудвилл осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін коса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйакы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Салыстырмалы деректердің коса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес үйімді Топ Бастамашы бараптакыда сатып алған қүнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

#### **Шетел валюталарын қайта есептеу**

##### *Функционалдық валюта және ұсыну валютасы*

Шоғырландырылған қаржылық есептілік тенгемен көрсетілген, әрі ол функционалдық валюта және Топтың есептілігін білдіру валютасы болып табылады. Топ құрамындағы әрбір үйім өзінің функционалдық валютасын айқындауды және әр үйімнің қаржылық есептілігіне кіргізілген баптар таңдалған функционалдық валютада олшенеді.

##### *Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетел валютасындағы операциялар бараптакыда функционалдық валютада операция тану көрсеткіштерін қаралатындағы қаржылық есептілікте беріледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті қүнге колданылатын функционалдық валютаның спот-багамы бойынша қайта есептеледі. Акша баптарын есептеу немесе қайта есептеу бойынша туындастын барлық айырмалар пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)****Шетел валюталарын қайта есептеу (жалғасы)*****Операциялар және шоттар сальдосы (жалғасы)***

Тарихи құның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні колданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ күн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне колданыстагы бағам бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындағы кірістер мен шығыстар балтың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, озге де жынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылған әділ құның өзгерісінен болған кірістер немесе шығыстар да тиісінше озге де жынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

**Топтың көслорындары**

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық ешшілес көслорындарының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығындары және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті қундерге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жынтық осерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға конымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар басқа да жынтық кірістің жеке құрамдасы ретінде танылады.

**Валюта айырбастау бағамдары**

Казакстан Қор Биржасында (бұдан әрі «ҚҚБ») белгіленетін оргаша есептелген айырбастау бағамы Казакстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде колданылады.

ҚҚБ 2013 жылғы 31 желтоқсандағы валюталық айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 153,61 теңгеге тең. Осы бағам 2013 жылдың 31 желтоқсанына АҚШ долларында корсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2012 жылдың 31 желтоқсанына: 1 АҚШ доллары үшін 150,74 теңге). ҚҚБ-ның 2014 жылғы 20 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 184,51 теңгеге тең болды.

**Маңызды есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның бағытынан есепті көзекінің аяғында есептілікті ұсынылатын кірістер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемеслерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуі талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте активтердің немесе міндеттеменің баланстық құнын елеулі түзестуді талап етуі мүмкін нәтижелерге экеліп соқтыра алады.

Топтың есеп саясатын колдану процесінде басылық шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалған сомаларга едауір ықпал ететін келесі пайымдауларды пайдаланды:

***Операциялық жал бойынша міндеттемелер – Топ жалға алушы ретінде***

Топ магистральды газды болу желісін Жалдау туралы шартты (*1-ескертке*), қызметтік үй-жайлар мен автомобильдерді жалдау туралы шартты жасады. Топ жалға беруші магистральды газ болу желісінчे, оғиштік үй-жайлар мен автомобилдерге меншік құбығына байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайданы өзіне сактал қалатындығын айқындағы, сондықтан оларды операциялық жал ретінде ескереді.

## **ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)**

### **2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)**

**Маңызды есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)**

#### *Салық салу*

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық ыстимал міндеттемелер ретінде Топ даурай алмайтын немесе сөтті даурай алды деп есептей алмайтын, егер салық органдарының тарағынан бағаласа, салық позицияларының мәлім салаларын карастырады. Мұндай анықтамалар елеулі пайымдауларды көздейді және салық заинамасындағы және нормативтік актілердегі өзгерістердің, салық түсімдерінен күтілетін нәтижелерді және салық органдарының салық тексерулерінін нәтижелерін айқындау нәтижесінде өзгеріп отыруы мүмкін. Салық тәуекелдері жөнінде барынша толық акпарат 31-ескертпеде көлтірілгенд.

#### *Өтелуге жататын ККС бойынша резерв*

Топ, кем дегенде, жыл сайынғы негізде, өтелуге жататын ККС сомасы күмәнді болып табылатындығының талдауын жүргізеді. Өтелуге жататын ККС-тың күмәнді сомасы бойынша резерв салық органдарының есебіне негізделген. Топ бұдан әрі ККС-тың өтелуіне өз күкігін коргай алатындығын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

#### *Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер*

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер алғынуга жататын қарыздар, откен жылдардың залалдары, күмәнді берешектің барлық резервтері, есептеген демалыстар, ескірген тауар-материалдық қорлардың резервтері және мынаңай ыктымалдық дарежесінде басқа міндеттемелері бойынша барлық резервтер бойынша танылады, бұл салық салынатын уақытша айырмашылыктар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипаттыға, соңдай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын табысты колдануға негізделетін болады. 2013 жылдың 31 желтоқсанына мерзімі ұзартылған салық бойынша танылған активтер сомасы 8.966.394 мың теңге (2012 жылы: 2.857.380 мың теңге) болды. Барынша толық акпарат 29-ескертпеге қамтылған.

#### *Каржы құралдарының әділ құны*

Мұндай құраллардың белсенді нарығының жоктығына орай қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құнын анықтау мүмкін болмаган жағдайда қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны, күтілетін дисконтталған акша ағындарының үлтісі сияқтыларды коса алғанда, бағалау әдістемелерімен айналысада.

Үлгілер үшін кіріс деректері ретінде бұл мүмкін болған жерде нарықтық деректер пайдаланылады, нарықтық деректер болмаган жағдайда әділ құнды анықтау үшін пайымдаулар қажет. Пайымдаулар өтімділік тауекелін, несиелік тәуекелді және өзгермелілікті қамтиды. Бағалау мен пайымдаулардагы өзгерістер қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етсе алады.

Топ күмәнді дебиторлық берешек, берілген аванстар және басқа да ағымдагы активтер бойынша резервтер ісірайды. Күмәнді берешекті бағалау үшін елеулі пайымдаулар колданылады. Күмәнді берешекті бағалау кезінде сатып алушы қызметінін бүрінгі және күтіліп отырган нәтижелері назарга алынады. Экономикадагы, саладагы немесе сатып алушының накты сипаттарындағы өзгерістер, қаржылық есептілікте ескерілгенді күмәнді берешек бойынша резервті түзетуді талап етуі мүмкін. 2013 жылдың 31 желтоқсанына күмәнді берешек бойынша резервтер 2.871.078 мың теңге (2012 жылы : 2.922.206 мың теңге) сомасында қалыптасты. Барынша толық акпарат 8 және 10-ескертпелерде қамтылған.

#### *Қызметкерлерге сыйакылар*

Қызметкерлерге сыйакыларды беру құны актуарлық әдісті пайдалана отырып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте накты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды колдануды білдіреді. Актуарлық әдіс дисконттау мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі және өлім-жітім деңгейі туралы болжамдарды қамтиды. Негізгі болжамдарды бағалаудың курделілігінә және міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипаттына байланысты мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтада. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге кайта қаралады.

Колданыстағы дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы міндеттеменің күтілетін колданылу мерзіміне сәйкес келетін экстраполяцияланған өтев мерзімдері бар мемлекеттік облигациялардың пайыздық мөлшерлемелерін ескереді. Өлім-жітім деңгейі әрбір накты елде ашық қолжетімді өлім-жітім кестесінс негізделеді. Жалакы мөлшерінің келешек үлғаюы әрбір накты ел үшін инфляцияның күтілетін келешек үрдістеріне негізделеді.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)**

**Манызды есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)**

*Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі*

Шарт концессиялық көлісім болып табылады, ері ол «Қызмет көрсетуге арналған концессия шарттары» 12-ші түсіндірмені қарастыру аясынан шыгарылды (ейткені үздіктен Топ негізгі сатып алушылармен шарттарды жасайтын бағаны бақыламайды). Шарт бойынша басқарудагы мүндай негізгі қуралдар бойынша кейінгі толықтырулар немесе жетілдірuler Шарттың қолданылу кезеңіне қарамастан калған пайдалы қызмет етудін бағалау мерзімінде ішінде капиталданады және амортизацияланады, ейткені Үкімет, егер бұл Шарт ұзартылмайтын болса, баланстық құнды етеуге міндетті болады. Топ негізгі қуралдар қызметтің калған пайдалы мерзімін ең ері дегендеге әрбір қаржы жылышың соңына бағалайды және егер күті бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, езгерістер 8 ХБЕС «Есеп жүргізу саясаты, есептегу бағаларындағы өзгерістер мен қателістеге» сәйкес есептегу бағаларындағы өзгерістер ретінде перспективті ескеріледі.

*Негізгі құралдар мен газ активтерінің құнсыздандыруы*

Егер ақша ағындарын шоғырландыратын активтің немесе болімшениң баланстық құны мынадай шамалардың: сатуға арналған шығынды шегергендеңі әділ құн және пайдаланудан болған құндылылық. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергендеңі әділ құнның есебі ұксас активтердің сатудың міндетті құші бар коммерциялық мәмілелері бойынша колда бар акпаратта немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде кадағаланатын шарықтық бағага негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілерінде негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және Топтың ол қызметті жүргізу бойынша міндеттемелері жок қайта құрылымдау бойынша қызметті және келешекте ақша ағынын тудыратын бөлімшесің құнсызданду мәніне тексерілетін активтердің нәтижелерін жақсартатын елеулі инвестицияларды қамтымайды. Отелең құн дисконтталған ақша ағындарының үлгілерін пайдаланылатын дисконтау мөлшерлемесіне, сондай-ақ ақша кара жеткілікті ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған осу карындарына барынша сезімтал.

*Активтердің ишегүү бойынша міндеттемелер*

Көмірсутектерді барлау және өндіру көлісімшартында айқындалған талаптар бойынша заңнамага және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі қуралдарды демонтаждау және жою және 1-ескертпеде көрсетілген әрбір газ кенішіндегі жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелері барлық пайдалану ұнғымаларын біртіндел жабуга және құбыр арналарын, гимараттарды демонтаждау және көлісімшарт аумағын қалпына келтіру сияқты тұпкілікті жабу бойынша қызметке жатады. Осы Келісімшарттың қолданылу мерзімі Топтың карауы бойынша ұзартылмайтындықтан, тұпкілікті жабу бойынша міндеиттемелерді өтеудін есепті мерзімі оның аяқталған қүні болып табылады.

Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын экономикалық жағынан негізdemel түрде пайдалануды аяқтау өткенде өтелуі қажет болса, онда көрсетілген міндеттеме ұнғымаларды жою бойынша барлық шығыстарды және жабу бойынша соңғы шығыстарды тану салдарынан едәүір өсуші еді. Ұнғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінде және тұпкілікті жабу бойынша шығыстардың колемі Көмірсутектерді барлау және өндіру көлісімшартының және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты. Ешқандай да міндеттемелер тұпкілікті жою және тұпкілікті жабу бойынша мүндай шығыстарды қаржыландыру бойынша көлісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мүндай шешімді кабылдау кейбір айқындылыстың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі.

Басшылықтың мүндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибесінен бірге өзгеруі мүмкін.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)**

**Манызды есенті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)**

*Активтердің шыгы бойынша міндеттемелер (жалғасы)*

Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және казакстандық нарынка тән тәуекелдерге түзетілген етпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдагы күны болып табылады.

Активтердің істен шыгы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге кайта қаралады және «Негізгі құралдардың обьектісін пайдалапудан шыгару, олар орналасқан учаскедегі табиги ресурстарды қатына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған үксас міндеттемелерге өзгерістер» № 1 түсінілрімеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі. Жабуга болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басымылық жасаған байымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көліпілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздікten басқа, Топтың бағасына активтерді демонтаждау технологиясындағы, шығындардагы және салалық тәжірибедегі өзгерістер ашып көрсетілген.

2013 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі міндеттемені анықтау үшін пайдалапылған дисконттау мөлшерлемесі 7,0%-7,9% (2012 жылы: 7,0%) болды. Активтердің істен шыгы бойынша міндеттемелер бойынша резервтері өзгерістер 19-ескертпенде ашып көрсетілген.

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ****Материалдық емес активтер**

Жеке сатып алғанған материалдық емес активтер бастапқы танылған кезде бастапқы күны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданды болған (егер ондайлар орын алса) жинақталған залалды, олар болған ретте, шегергенде бастапқы күны бойынша есептеледі.

Топ ішінде жасалған материалдық емес активтер әзірлеуге арналған капиталданырылған шығындарды коспаганда, капиталданырылмайды және тиісінше шығыс ол туындаған есепті кезең үшін жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Материалдық емес активтер олардың пайдалы қызмет етүйнің есепті мерзімінің ішінде амортизацияланады және сегер мұндаған материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Материалдық емес актив үшін амортизацияны есептеу кезеңі мен адісі кем дегендे әрбір есепті кезеңнің аяғында кайта қаралады. Активке кіргізілген келешек экономикалық тиімділікті пайдалы қызмет етудің болжалды мерзімінің немесе болжалды құрылымының өзгерісі қаржылық есептілікте жағдайға байланысты амортизация кезеңінің немесе есептеу адісінің өзгерісі ретіндегі көрінеді және есепке алу бағаларының өзгерісі ретінде ескеріледі. Материалдық емес активтің амортизациясына жұмсалатын шығыстар жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтер қызметінің сәйкес шығыстар санатында танылады. Материалдық емес активтер бойынша амортизация келесі кестеде көрсетілген пайдалы қызмет етудің есепті мерзімінің ішінде тікжелілік адістің негізінде есептеледі:

**Жылдар**

Бағдарламалық жасақтама	7
Шарт бойынша ақы	1
Басқасы	10

Материалдық емес активтерді есепке алудан болатын кіріс немесе шығыс активтің шығуынан болатын таза түсім және активтің баланстық күны арасындағы айырмашылық ретінде өлшенеді және мұндаған активті есептен шыгару сәтіне жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРИН ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Негізгі құралдар мен газ активтері**

Негізгі құралдар мен газ активтері жинақталған тозуды және құнсыздану бойынша жинақталған залалдарды шегерे отырып өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте көрсетіледі. Негізгі құралдар мен газ активтерінің бастапқы құнына сатып алу құны, оның ішінде импорт алымдары және тікелей жататын отелмейтін салыктар, егер мойындау шарттарын қанагаттаңыратын болса, ұзақ мерзімді активтердің құрылышына тікелей жататын карыздар бойынша шығындар, құрал-жабдықтың боліктегі ауыстыру құны, сондай-ак активті жұмыс күйіне келтіруге және оны мақсатты пайдалану орнына жеткізуге байланысты кез келген тікелей шығындар кіреді.

Негізгі құралдар обьектісін пайдаланудан күтілетін келешек экономикалық пайданың бастапқыда қабылданған нормативтік көрсеткіштерден артық ұлғаюына (пайдалы қызмет ету мерзімінің, қуаттылықтың және т.б. ұлғаюы) екеліп соқтырган шығыстар негізгі құралдар бойынша қосымша шығындар ретінде капиталданады. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру кажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға сәйкес болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жеке активтер ретінде мойындауды және оларды тиесінше амортизациялайды. Дәл осылайша, негізгі техникалық байқауды жүргізу кезінде онымен байланысты шығындар негізгі құралдардың баланстық құнында, егер барлық мойындау критерийлері орындалса, құрал-жабдықтарды ауыстыру ретінде мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмысалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда мен зияндарда мойындалады.

Газды емес активтердің тозуы төменде көрсетілгендей пайдалы қызмет етудің есепті мерзімінің ішінде тікжелілік әдістің негізінде есептеледі:

**Жылдар**

Үйлер мен гимараттар	20-50
Газ көлік жүйесі	10-30
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-30
Көлік құрапдары	5-20
Басқасы	3-20

**Жер амортизацияланбайды.**

Бұрын мойындалған негізгі құралдарды немесе олардың едәуір құрамдасын мойындауын тоқтату олардың шығуы кезінде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды дөгару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе залал (активтің шығуынан және баланстық құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану дөгарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке кіргізіледі.

Пайдаланудан шыгару резерві Топ гимаратты немесе құрал-жабдықты демонтаждау және шыгару, ол орналасқан аумакты қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді кетергенде және мұндай резервтің көлемін негізінде түрде бағалауга мүмкін болғандаға дисkonttalған құны бойынша толық көлемде танылады.

Активтерді тарату құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және амортизация әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында сараланады және кажет болғанда түзетіледі.

Аяқталмаган құрылыш өзіндік құны бойынша ескерілген негізгі құралдардың аяқталмаган құрылышының білдірелі. Аяқталмаган құрылышка құрылыштың, құрал-жабдықтың құны және басқа да тікелей шығындар кіреді. Аяқталмаган құрылыш мұндай активтердің құрылышы аяқталған сөтке дейін және олар пайдалануға берілгенге дейін амортизацияланбайды.

**Газ активтері**

**Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуға дейінгі шығындар**

Лицензияларды сатып алуға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарга жатқызылады.

## **ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРИН ШОЛУ (ЖАЛГАСЫ)**

#### **Газ активтері (жалғасы)**

##### *Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу жөніндегі шығындар*

Жер койнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындары капиталданады және материалдық емес активтер ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жын бүргылау жұмыстары жоспарланғанын және оның құнсыздандығанын раставу мәніне карастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, жер қойнауын пайдалану құқықтарының баланстық құны және тиісті объектілерді сатып алу шығындары есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шыгарылатын корлар («дәлелденген корлар» немесе «коммерциялық корлар») белгіленген кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде жер қойнауын пайдалану құқығының және тиісті объектілерді сатып алуға ариалған шығындардың баланстық құны, кен орындардың бөлігінде, барлау және бағалау бойынша шығындармен бірігіп, газ активтеріне ауыстырылады.

##### *Барлау және бағалау шығындары*

Барлауга ариалған занды құқық алғынған сәттен бастап геологиялық және геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау бүргылауына тікелей қатысты шығындар ұнғыманың бүргылануы аяқталмайыша және мұндай бүргылау истижендері бағаланбайыша шығындардың сияттына сойкес барлау және бағалау бойынша материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталданады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге толемақы, пайдаланылған материалдар мен жана май, бүргылау мұнарасының жалдау құны және мердігерлерге ариалған төлемдер кіреді. Егер корлар табылмаса, барлау және бағалау бойынша актив құнсыздандыруға тестіленеді; егер шыгарылатын көмірсутектер табылып, одан кейінгі бағалауга жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленеу ықтимал болатын басқа ұнғымаларда бүргылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шыгаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогрессе кол жеткізілмейінше, материалдық емес актив ретінде ескерілуін жалғастырады. Осы сиякты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарунылық тексеруге, сол сиякты әзірлеуді жалғастыру ииетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін раставу үшін жылына кем дегендеге бір рет құнсыздандыру мәніне тексеруге жатады. Әйтпеген жағдайда шығындар есептен шыгарылады. Газдың дәлелденген корлары анықталғанда және әзірлеуді жалғастыру шешімі қабылданғанда, тиісті шығындар құнсыздандыру бағаланғаннан кейін және құнсыздандыру болған шығын танылғаннан кейін газ активтерінің кұрамына аударылады.

##### *Әзірлеу шығындары*

Платформалар, газ құбырлары және әзірленетін ұнғымаларды бүргылау, оның ішінде пайдалану ұнғымалары немесе көмкерілген ұнғымалар сиякты инфракұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары газ активтерінің кұрамында капиталданады.

##### *Газ активтерінің тозуы*

Газ активтерінің тозуы, солардың тозуы тікжелілік әдіс бойынша есептелетін инфракұрылым объектілерінен басқа, ондірістік әдісті пайдалана отырып есептеледі.

##### **Каржы активтері**

##### *Бастапқы мойындау және бағалау*

39 ХБЕС колданылу аясындағы каржы активтері пайда немесе залал; карыздар мен дебиторлық берешек; отеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін колда бар каржы активтері; тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын каржы активтері ретінде жіктеледі. Топ өзінің каржы активтерін олар бастапқы танылған қезде жіктейді.

Каржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын каржы активтерін коспағанда, алғашқыда мәміле бойынша онымен тікелей байланысты шығындарға кобейтілген әділ құны бойынша танылады.

## **ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТТЕРІН ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)**

#### **Қаржы активтері (жалғасы)**

##### *Бастапқы мойындау және бағалау (жалғасы)*

Заңнамада немесе бслгілі бір нарыкта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер ("стандартты талаптардағы" сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Топ өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаган күнге мойындалады.

Топтың қаржы активтеріне акша қаражаты мен олардың баламалары, пайда және зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді банк салымдары, сауда және басқа да дебиторлық берешек пен қарыздар кіреді.

##### *Кейіннен бағалау*

Қаржы активін одан кейін бағалау былайша олардың жіктеуге байланысты болады:

«Кіріс немесе шығын арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері» санатына саудага арналған қаржы активтері және пайда немесе залал арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері санатында бастапқы тануга жатқызылған қаржы активтері жатады. Қаржы активтері жақын болашақта сату мақсатында сатып алынған жағдайда саудага арналған деп жіктеледі. Бөлсек ендірілген туынды құралдардың коса алғанда, туынды құралдар, олар 39 ХБЕС-ке сәй тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудага арналған деп жіктеледі.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал әділ құнының таза өзгеруі жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістер және қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарыкта журмейтін белгіленген немесе айқындалатын толемдері бар туынды смес қаржы активтерін білдірелі. Бастапқы мойындалғаннан кейін осындағы түрдегі қаржы активтері құнсыздандырудан болатын шығындар шегеріле отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме пайдаланыла отырып айқындалатын амортизациялық құн бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықсақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылmas белгілі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескерсе отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені колдану негізінде амортизация жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістердің құрамына енгізіледі. Құнсызданумен негізделген шығыстар жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте кезең шығыстары ретінде танылады.

##### *Тануды тоқтату*

Қаржы активі (немесе, қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе дәл сондай қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылуы доказады, егер:

- активтен акша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен акша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарақта түсетін акша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» көлісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сактамаса, бірақ осы активтің бакылауын берсе.

Егер Топ активтен акша ағындарын алуга өзінің барлық құқықтарын берсе не болмаса транзит келісімін жасаса және бул ретте активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ оны өзінде сактамаса, сондай-ақ жаңа активке бакылау бермесе, жаңа актив Топ берілген активте өзінің катысуын жалғастыратын дәрежеде мойындалады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сактаган ісқылук пен міндеттемені негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша көнілік түрін қабылдайтын жалғасатын катысу келесі олшемдердің: активтің бастапқы балансынан құны немесе толенуін Топ талап етуі мүмкін ең көп соманың ең азы бойынша мойындалады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРИН ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Каржы активтерінің құнсыздануы**

Әрбір есепті күнге Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының уәжді белгілері болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқига (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсыздандың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеседі, ері олар сенімді турде бағалауга болатын қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаражаты ағындарына эсер етті.

Құнсыздану дәлелі борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық киыншылыктар көріп отырганын көрсетті, озінің қарызын етей алмауды немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын толеуді тиянақты жүзеге асырмауды, соңдай-ақ олар банкроттық немесе өзге түрде қаржылық кайта үйімдестіру рәсімін жүргізу мүмкін болуын камтиды. Сонымен бірге, мұндай дәлелдерге бағалауга келетін қаржы құралдары бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарының төмендеуіне көрсететін, атап айтқанда, мерзімі откен берешек қөлемінің немесе борыштарды толеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланыстагы экономикалық жағдайлардың өзгеруі сияқты, байкалатын деректер жатады.

Құнсызданудан бұрын танылған залалдардың түзетілуі құнсызданудан болған залалдың азауы құнның азауынан кейін болған оқигага объективті байланысты болуы мүмкін. Мұндай түзету жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте кіріс ретінде ескеріледі.

**Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтері**

Амортизациялық құт бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты Топ алдымен жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының уәжді дәлелдері бар екендігіне не жинақтай алғанда жекелей маңызды емес қаржы активтері бойынша бағалау жүргізеді. Егер Топ жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының уәжді дәлелдері оның маңызына тәуелсіз жоқ екендігін аныктаса, ол бұл активті несие тәуекелінің осындан сипаттамасы бар қаржы активтері тобына қосады, ал соナン соң бұл активтерді жынтық негізде құнсыздану мәніне карастырады.

Құнсыздану мәніне жеке бағаланатын активтер бойынша не құнсыздапудан болған залалдарды тану жағдайында, не құнсыздану мәніне жынтық бағага енгізілмейді.

Құнсызданудан болған залал шегудің уәжді дәлелі болған ретте, залал сомасы активтің баланстық құны мен күтіліп отырган болашақ ақша ағындарын көлтірілген құны арасындағы айырма ретінде (әлі шекпеген болашақ күтіліп отырган несиелік залалдар ескерілмей) бағаланады.

Есепті болашақ ақша ағындарының көлтірілген құны қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша шегеріледі. Егер қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме құбылмалы болып табылса, құнсыздану шығынның бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі пайыздың ағымдагы тиімді мөлшерлемесін білдіреді.

Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану арқылы төмендейді және шығын сомасы жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Төмendetілген баланстық құн бойынша пайыздық кірісті есептеу, құнсызданудан болған шығынды бағалау максатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін колданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделе отырып жалғаса береді. Пайыздық кірістер жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте кірістер құрамында көрсетіледі. Қарыздар тиісті резервтермен бірге, егер оларды келешекте нақты өтесу мүмкіндігі болмаса, ал барлық колжетімді қамтамасыз ету сатылып не болмаса компанияға берілсе, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен шығарылады. Егер келесі жыл ішінде құнсызданудан болған есепті залал сомасы құнсыздануды танығаннан кейін болған әлдебір оқигадан ұлгайса не кемісі, құнсызданудан болған бұрын танылған залал сомасы резерв шотын түзету арқылы ұлгаяды не кемиді. Егер қаржы қуралы құнның бұрын орын алған есептен шығарылуы кейінне қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржы шығындарының кемуі ретінде танылады.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)**

#### **Қаржылық міндеттемелер**

##### *Бастапқы мойындау және бағалау*

39 ХБЕС қолданылу аясындағы қаржылық міндеттемелер пайда немесе залал; кредиттер мен қарыздар немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша кайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды баставпқы тану кезінде жіктейді.

Каржылық міндеттемелер баставпқыда олармен мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (қарыздар мен несиeler жағдайында) әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, шыгарылған борыштық бағалы қағаздар, несиeler, қарыздар, қаржылық кепілдік шарттары және Концессия шарты бойынша берешек кіреді.

##### *Кейіннен бағалау*

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

##### *Несиeler мен қарыздар*

Пайыздық несиeler мен қарыздар баставпқы танылғаннан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизациялық құді сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықаларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылmas бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды сскерс отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

##### *Қаржылық кепілдік шарттары*

Топ шыгарған қаржы кепілдігі шарттары осы шарт иесі белгілі бір борышкердің борыш құралдары шарттарына сәйкес уақытын төлеуді жүзеге асыруға қабілестіздігінің салдарынан шеккен залалдарды отеу үшін төлем жасауды талап етуші шарттарды білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары ең алдымен кепілдік шығарылымымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады.

Сонынан, міндеттеме мынадай шамалардан барынша көп бағаланады: есепті құнға арналған колданыстагы міндеттемені отеу үшін қажетті шығындардың ең жаксы бағасы және жинакталған амортизацияны шегергендегі міндеттеменің танылған сомасы.

##### *Сауда кредиторлық берешек*

Кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топка шоттардың жазылыш берілуіне қарамастан алынған тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс болатын соманың әділ құны болып табылатын баставпқы құн бойынша ескеріледі.

##### *Тануды тоқтату*

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржылық міндеттемелерді тану егер міндеттеме етепген, жойылған немесе оның қолданылу мерзімі біткен болса, докарылады. Егер қолданыстагы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстагы міндеттеменің талаптары едәуір өзгерілісе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс баставпқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың баставалуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндагы айырмасы жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

## **ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРИН ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)**

#### **Каржы құралдарын өзара есепке алу**

Каржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға жатады, ал қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте берілген таза сома қазіргі кезде танылған сомаларды өзара есепке алуға заңды құқық болған кезде, және таза негізде есеп айырысуга не активтерді өткізу, сонымен бір мезгілде міндеттемелерді етеуге нист болғанда жүзеге асырылады.

#### **Каржы құралдарының әділ құны**

Белсенді нарыктарда сауда жасалатын қаржы құралдарының әр есепті құнине әділ құны мәміле бойынша шығындар нарыктагы баға белгілеуге және деңдал баға белгілеулеріне (ұзак айындаамалар үшін сатып алу баға белгілері мен қыска айындаамаларды сатуға баға белгілері) байланысты белгіленеді.

Белсенді нарыктарда сауда жасалмайтын қаржы құралдары үшін әділ баға бағалаудың таісті әдістемелері колданылу арқылы анықталады. Мұндай әдістемелерге коммерциялық негізде жуырда жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, ұксас құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконтталған ақша ағындарын талдау не болмаса бағалаудың басқа үлгілері кіруі мүмкін.

#### **Тауар-материалдық корлар**

Материалдар мен шикізат өзіндік құнинең ең аз мәні немесе таза өткізу құны бойынша ескеріледі.

Тауар-материалдық корлардың құны ФИФО әдісінің негізінде ескеріледі.

#### **Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Әрбір есепті құнге Топ активтің мүмкін болатын құнсыздану белгілері болуын айқындаиды. Егер осындаи белгілер орын алса немесе егер активтің құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнине бағалау жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын тудыратын болімшениң (ААТБ) өтелетін құны – мына шамалардың ең үлкені: сатуға арналған шығындарды шегергенде активтің (ААТБ) әділ құны және активті (ААТБ) пайдаланудан болатын құндылық. Өтелетін құн негізінен актив басқа активтер немесе активтердің топтары генерациялайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаржатының ағындарын генерацияламайтын жағдайларды коспаганда, жекелеген актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын болімшениң баланстық құны оның өтелетін құнинан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнине дейін есептен шыгарылады.

Пайдаланудан болатын құндылықтарды бағалау кезінде келешек ақша ағындары активке тән ақшаның және тәусеклің уақытша құниниң ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконтуға мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Сатуға арналған шығындарды шегерге отырып әділ құнды анықтау кезінде бағалаудың тиісті үлгісі колданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнинең өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын жеке активтер жатқызылатын әр ААТБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындаиды.

Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдette 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзак қезеңдер үшін бесінші жылдан кейін болжамды келешек ақша ағындарына катысты колданылатын ұзак мерзімді есім үрлістері есептеледі.

Жалғасып отырган қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санатының құрамында танылады.

Әрбір есепті құнге Топ бұрын активтің құнсыздануынан болған деп танылған залалдардың енді жок екендігінің немесе қыскарғандығының белгілері бар не жок екендігін аныктайды. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ақша ағындарын тудыратын болімшениң өтелетін құнин есептейді. Кейінгі құнсызданудан болған деп танылған залалдардан бері активтің өтелетін құнин анықтау үшін колданылған бағада өзгеріп болған жағдайда гана бұрын құнсызданудан болған деп танылған залалдар қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнинан асып кетпеуімен, сондай-ак амортизацияны шегеріп тастаганда баланстық құнинан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдынғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаган жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның мұндай қалпына келтірілуі жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРИН ШОЛУ (жалғасы)**

#### **Ақша каражаты және қысқа мерзімді депозиттер**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша каражаты мен олардың баламаларына банктердегі және кассадағы ақша каражаты, сондай-ақ 3 (үш) айдан аспайтын бастапқы өтсөн мерзімі бар қысқа мерзімді банк салымдары кіреді.

Ақша каражатының қозғалысы туралы есептің мақсаттары үшін ақшалай қаражат және олардың баламалары өтлемсеген башкілік овердрафттарды шегеріп тастағанда, жогарыдағы анықтамага сай ақшалай қаражаттаң және қысқа мерзімді салымдардан тұрады.

#### **Резервтер**

Резервтер Топтың өткен шақта болған оқигалардың нәтижесінде ағымдағы (куқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болса, сондай-ақ міндеттемелерді өтсу үшін экономикалық пайдаларга байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дүрыс бағасы жүргізілгенде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер акшаның уақытша құнының эсері мәнді болып табылса, резервтер акшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін және онда міндеттемеге тән тәуекелдер орынды салықтарды төлегенге дейін мөлшерлеме бойынша ақша каражатының күтілеттің болашақ қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде резервтің ұлғаюы уақыттың өтүі салдарынан қаржылық шығындар ретінде танылады.

#### **Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)**

Пайдаланудан шығару резервтері Топтың құрал-жабдықты немесе тетікті бузу және ауыстыру бойынша, құрал-жабдық орналаскан участкені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болғанда, сондай-ақ мұндай резервті ақылға қонымды етіп бағалауға мүмкін болғанда дисконтталған негізде толық көлемде танылады. Танылған сома жергілікі шарттар мен таланттарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығыстардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне балама тиісті негізгі құрал құрылады. Кейіннен, мұндай активтің резервтері мен құралдарының және тасымалдау құралдарының шенберінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтсөн үшін қажетті экономикалық пайда негізінде жататын есепті мерзімдегі немесе ресурстардың қайту сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылған пайдаланудан шығару жөніндегі қазіргі резервті бағалаудагы өзгерістер, немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс мынадай түрде ескеріледі, соның салдарынан:

- (а) резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңге тиісті актив құнына қосылады немесе шегеріледі;
- (б) актив құнынан шегерілген сома оның тенгерім құнынан асып кетпеуі қажет. Егер резервтегі кему активтің тенгерім құнынан асып кетсе, онда асып кету шығыстар ретінде дереу танылады; және
- (в) егер активтің құны ұлғаюға экелсе, Топ активтің жаңа тәсілдермен өтлемейтін осы көрсеткіш болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл осылай көрсеткіш болып табылса, Топ оның өтелестін құнын бағалау арқылы құнсыздандыруға активті тексереді және 36 ХБЕС-ке сәйкес құнсыздандыру бойынша кез келген шығынды ескереді.

#### **Жарғылық капитал және дивидендтер**

Жай акциялардан тұратын акционерлік капитал бастапқы құны бойынша танылады. Жай акцияларға теленетін дивидендтер, олар жарияланған кезеңде мешілкіті капиталдың азаты ретінде танылады. Жай акциялар бойынша дивидендтерді жариялау және төлеу Акционердің қаруына қарай жүзеге асырылады. Есепті құнинен кейін жарияланған дивидендтер аппаратты тиісінше ашып көрсете отырыл 10 ХБЕС-ке сай «Есепті құнинен кейінгі оқигалар» бұдан арғы оқигалар ретінде қарастырылады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРИН ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Операциялық жал**

Мәміле жалдау болып табылатындығының немесе жалдау белгілерін қамтитындығының анықтамасы мәміленің мазмұнын талдауга негізделген. Бұл ретте шарттың колданылу мерзімінің басталу күніне оның орындалуы нақты активті немесе активтерді пайдалануға байланысты екендейін және егер құқық мәміледе анық көрсетілмесе, мұндай мәміленің істижесінде активті пайдалану құқығының отетіндігін анықтау қажет.

2005 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімдер үшін отпелі кезеңге қатысты IFRIC 4 түсіндірмесінің талаптарына сәйкес олардың колданылуының басталу күні шартты 2005 жылғы 1 қаңтар болып есептеледі.

Операциялық жал кезіндегі жалдау толемдері жалдау мерзімінің ішінде желілік негізде ағымдагы кезең үшін шығыстар ретінде танылады.

**Кірістер мен шығыстарды тану**

Топ шаруашылық операциялардан экономикалық пайданы ала алғатындығының ықтималдығы болған дәрежеде кірістер танылады және кіріс сомасы шынайы бағалануы мүмкін. Откізуден түсken кіrіs жанама салықтарды шегерे отырып ескеріледі. Кірісті тану үшін мышадай олшемдер де орындалуы тиіс:

**Tauarларды сату**

Сатудан түсken кіrіs сатып алушыға тауарға менилік құқығына байланысты елеулі тәуекеллер мен пайда берілгеннен кейін танылады.

**Тасымалдау бойынша қызмет көрсету**

Тасымалдау қызметтерінен түсken кіrіster есепті кезеңінің ішінде тасымалданған газдың нақты көлемінің негізінде танылады.

**Kелешек кезеңдер кіrіsteri**

Мемлекеттік органдардан, заңды немесе жеке тұлғалардан отеусіз алынған негізгі құралдар келешек кезеңдердің кіrіsteri (гранттары) ретінде оларды алу күнінс әділ күны бойынша танылады. Гранттар солардың ішінде тиісті амортизация есептелецін бір немесе одан да көп есепті кезеңдердің кіrіsteriне болінеді.

**Pайыздық kіrіc**

Амортизациялық құны және колда бар сатуга арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіrіc тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып танылады, ол күтіліп отырган болашақ толемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде акция каражаттың түсін немесе, егер бұл орынды болса, қаржы активінің таза баланстық құнына немесе міндеттемеге дейін шамалы кезеңге дәл шегереді.

Пайыздық кіrіc жиынтық кіrіc тұралы шоғырландырылған есепте қаржылық кіrіster құрамына енгізіледі.

**Шығыстар**

Шығыстар тиісті тауарларды немесе қызметтерді нақты алу сәтіне, ақша каражаты немесе олардың баламалары қашан төленигеніне қарамастан ескеріледі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте олар жататын кезеңде көрсетіледі.

**Қарыздар бойынша шығындар**

Жіктелген активті сатып алуға, оның құрылышына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар мұндай актив құнының бір болігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша өзге де шығындар туындаған сәттегі шығыстар ретінде танылады.

Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төлсүні және Топ қарызға алынған қаражатқа байланысты Топ шеккен басқа да шығындар кіреді.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРИН ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Қызметкерлерге сыйақылар**

Топ өз қызметкерлеріне Директорлар кеңесі бекіткен Қызметкерлерді әлеуметтік колдау туралы ұжымдық шартқа сәйкес ұзак мерзімді сыйақыны ұсынады. Ережеде, атап айтқанда, демалыс күндеріне жәрдемақыларды; зейнеткердің немесе оның срінің/зайыбының кайтыс болуына байланысты жәрдемақыларды; сауықтыруға арналған материалдық көмекті және санаторийге ариналған жолдаманың құнын төлеу көзделген. Мұндай толемдерді алу құқығының құші әдетте қызметкердің зейнет жасына жетуі шартымен болады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырган шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген сыйақымен зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде колданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарийлік пайда мен залал басқа да жынытық кірістер мен шығыстар құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарийлік пайда мен залал актуарийлік болжамдарға езгерістердің зерін де, актуарийлік болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмалардың бүрынғы тәжірибелің зерін де камтиды. Басқа езгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бүрынғы қызметтер құнын және кадрлар қыскаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Міндеттемелерді есепке алғанда колданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен кайтыс болуды болжау. Дисконт мөлшерлемесі болашак міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін колданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконтты болдырмау жынытық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашак ағынын болжамдау үшін колданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырган шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген толемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде колданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Мұндай міндеттемелердің жыл сайынғы негізде тауелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

**Ағымдағы табыс салығы**

Ағымдағы және алдынғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе төлеуге жататын сома бойынша бағаланады. Бұл соманы есептеу үшін Топ өзінің операциялық қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын елдерде есепті құнға колданылған немесе нақты заңдастырылған салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы пайдаланылды.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жынытық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында мойындалады. Тол басшылығы салық декларацияларында көрсетілген корсеткіштерді бағалауды мезгіл-мезгіл жүзеге асырады, тиісті салық заңнамасы оларға қатысты әртүрлі түсініліу мүмкін, сөйтіл кажет болуына қарай резервтер жасалады.

**Мерзімі ұзартылған салық**

Мерзімі ұзартылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті құнға қаржылық есептілік максаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер келесі жағдайларды қоспағанда, барлық салық салынатын уақытша айырмалар бойынша мойындалады:

- Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттеме бизнесі біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвиіді, активті немесе міндеттесмегін бастанында мойындау нәтижесінде туындейды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдага да, сол сиякты салық салынатын пайдага немесе зиянға ықпал етпейді; және
- Еншілес және қауымдаған компанияларға салынған инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына және бірлескен кәсіпорындардагы қатысу үлестеріне қатысты, уақыт айырмаларын қалыпта келтіру уақытын бақылау мүмкін болған жағдайлардан басқа, уақыт айырмасы таяу болашақта түзетілмейтіндігінің ықтималдығы бар.

## **ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)**

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)**

#### **Мерзімі кейінге қалдырылған салық (жалғасы)**

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаган салық жеңілшіктегі және пайдаланылмаган салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде таыналды, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаган салық жеңілдіктегі және пайдаланылмаган салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

- есептен шыгарылатын уақыт айырмасына қатысты мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер бизнесті біріктірудің салдарынан емес пайда болған және операцияны жасау сөтіне бухгалтерлік пайдага да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені басталықда мойындау нәтижесінде туындаиды;
- еншілес компанияларга, ассоциацияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен байланысты есептен шыгарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық бойынша кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соган қарсы уақыт айырмалары колданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде гана мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтердің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, мерзімі ұзартылған салық бойынша активтердің барлығын немесе бір белгін пайдалануга мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мерзімі ұзартылған салық бойынша мойындалмagan активтер әрбір есепті күнге қайта қаралады және кішешек салық салынатын пайда мүндай активтерді пайдалануга мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдылық пайда болатын дәрежеде мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив откізіледі, ал міндеттеме отеледі деген есепті жылда колданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында таылмаган баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында таылмайды. Мерзімі ұзартылған салыктар баптары олардың негізінде операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістін құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер бір біріне қарсы есепке алынады, егер олардың ағымдагы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алуың заңды тұргыдан бекітілген құқығы болса және мерзімі ұзартылған табыс салыктары бір салық салынатын компанияяра және салық органдына жататын болса.

#### **Өзге де салықтар**

Топ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жалакының 11% біршама мөлшерлемесі бойынша Қазақстан Республикасының бюджетіне әлсүмттік салықты төлсайді.

Сондай-ақ Топ өз қызметкерлерінің жалақысынан 10% дейін үстап қалады, бірақ олардың зейнеттакы корларына аударымдар ретінде 2013 жылы 130.793 теңgedен (2012 жылы: 140.793 мың теңге) артық емес. Заңнамага сай зейнеттакы аударымдары қызметкерлердің міндеттемесі болып табылады. Заңнамага сәйкес қызметкерлер өздерінің зейнеттакы қаражаты үшін жауапты болады және Топтың өз қызметкерлеріне олар зейнетке шыққан кезде сыйақыны төлеу міндеттемесі бар.

#### **Косылған құн салығы (КҚС)**

Салық органдары иетто негізде сату мен сатып алу бойынша КҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Осылайша, өтелуге жататын КҚС, сату бойынша КҚС-ты шығара отырып, сатып алушулар бойынша КҚС-ты білдіреді.

#### **Төленүге жататын КҚС**

Сатып алушылардан дебиторлық берешек алынғаннан кейін КҚС салық органдарына төленуі тиіс. Есеп айырысуы есепті күнге жүзеге асырылған сатып алушулар бойынша КҚС төленүге жататын сомадан есептен шыгарылады.

Егер дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв құрылса, құнсызданудан болған залал, КҚС сомасын қоса алғанда, берешектің барлық сомасына ескеріледі. КҚС бойынша тиісті міндеттеме салық салу мақсатында дебиторлық берешектен есептен шыгарылғанға дейін есептілікте көрсетіледі.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРИН ШОЛУ (жалғасы)

#### Косылған құпі салығы (КҚС) (жалғасы)

##### *Отелуге жататын КҚС*

Отелуге жататын КҚС КҚС-пен сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша бухгалтерлік есепте көрсетіледі және егер ондайлар кірісті алу мақсатында пайдаланылса.

Әрбір есепті күнгө отелуге жататын КҚС шоты бойынша сома төлснуге жататын КҚС шоты бойынша сомамен бірге есепке алынуы тиіс.

##### **Шартты активтер мен міндеттемелер**

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылмайды. Кірісті өткізу іс жүзінде мүмкін болғанда, тиісті актив шартты актив болып табылмайды және оның мойындалуы орынды болып табылады.

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылмайды. Олар егер экономикалық пайданы алуға байланысты ресурстардың ағып кету мүмкіндігі шамалы ықтимал болып табылмагандағанда ашылады.

#### Кейінгі оқигалар

Есепті күнгө Топтың ережесі туралы косымша акпаратты ұсынатын жыл аяқталғаннан кейін болған оқигалар (түзетуші оқигалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Түзетуші оқигалар болып табылмайтын жыл аяқталғаннан кейін болған оқигалар олардың маңыздылығы болған кезде ескертпелерде ашылады.

#### Байланысты тараптар туралы акпаратты ашу

Байланысты тараптарға Компанияның негізгі басқарузы қызметкерлері, дауыс беру құсығының елеулі үлесін тікелей немесе жанама түрде Компанияның негізгі басқарузы қызметкерлеріне, «ҚазМұнайГаз» тобының ұйымдарына, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» және Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын қасіпорындарға тиесілі болатын ұйымдар кіреді.

#### Монетарлық емес активтердің катысуымен жалпы бақылау астындағы операциялар

Топ монетарлық емес активтердің катысуымен жалпы бақылау астындағы операцияларды әділ құны бойынша мойындейдьы, шартта көрсетілген сомага қарамастан бизнесті біріктіру бойынша мәмілелерді қоспағанда, бүл ретте бұл сома мен әділ құпі арасындағы айырма капиталда мойындалады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде кабылданған есепке алу қагидаттары, 2013 жылдың 1 қантарына қүшіне синген кабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде колданылған қагидаттарға сәйкес келеді.

#### Есеп саясатындағы және акпаратты ашу қагидаттарындағы өзгерістер

Қабылданған есеп саясаты, томенде көлтірілген 2013 жылғы 1 қантарда қүшіне синген кайта қаралған ХКЕС-ті қоспағанда, алдыңғы есепті жылда қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді.

#### Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірүлөр

- 1 ХБЕС түзетулері «Басқа да жиынтық кіріс баптарын ұсыну»;
- 1 ХБЕС түзетуі «Салыстырмалы ақпаратқа қатысты талаптарды түсіндіру»;
- 7 ХКЕС (IFRS) түзетулері «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» - «Қаржы активтерінің және қаржылық міндеттемелердің өзара есепке алынуы»;
- 10 ХКЕС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік», 27 ХКЕС (IAS) «Жекелеген қаржылық есептілік»;

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)**

**Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қагидаттарындағы озгерістер (жалғасы)**

*Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірүлөр (жалғасы)*

- 11 ХКЕС (IFRS) «Бірлескен қызмет туралы келісімдер», 28 ХКЕС (IAS) «Кауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарга инвестициялар»;
- 12 ХКЕС (IFRS) «Басқа компанияларға қатысу үлестері туралы ақпаратты ашып көрсету»;
- 13 ХКЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»;
- 19 ХКЕС (IAS) «Қызметкерлерге сыйақылар» (2011 жылғы редакцияда);
- 7 ХКЕС (IFRS) түзетулері «Ақпаратты ашу - қаржы активтерінің және қаржылық міндеттемелердің өзара есепке алынуы».

Стандарттарды немесе түсіндірүлөрді қабылдау төменде сипатталған:

*1 ХКЕС (ХБЕС) түзетулері «Басқа да жиынтық кіріс баптарын ұсыну»*

1 ХКЕС (ХБЕС) түзетулері БЖК құрамында ұсынылатын баптардың толтастырылуын өзгерти. Келесхекте белгілі бір сәтте (мысалы, сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша таза шығыстар немесе кірістер) пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуі мүмкін бол ешқашан қайта жіктелмейтін баптардан (мысалы, жер мен гимаратты қайта бағалау) жеке ұсынылуы тиіс. Түзетулер тек шоғырландырылған қаржылық есептіліктері ақпараттың ұсынылуына ғана әсер етеді және Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын немесе қызметінің қаржылық нәтижелерін өзертпейді.

*1 ХКЕС-ке (ХБЕС) «Салыстырмалы ақпаратқа қатысты талаптарды түсіндіру» түзету*

Бұл түзету қосымша салыстырмалы ақпаратты ерікті ашып көрсету мен ең аз жақетті салыстырмалы ақпарат арасындағы айырманы түсіндіреді. Топ ерікті негізде салыстырмалы ақпаратты бір салыстырмалы кезеңдегі деректердің ең азынан артық ұсынған жағдайда, салыстырмалы ақпаратты қаржылық есептіліктің тиісті ескертпелеріне косуы тиіс. Түзету Топ есеп саясатын ретроспективті түрде колданған, ретроспективті қайта есептеуді жүзеге асырган немесе қаржылық есептіліктің баптарын қайта жіктеген жағдайларда ұсынылатын қаржылық жағдай туралы кіріспе есепке (Топ жағдайында – 2012 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша) сәйкес келетін ескертпелерді ұсынудың қажет еместігін түсіндіреді. Нәтижесінде Топ 2012 жылдың 1 қантарына қаржылық жағдай туралы кіріспе есепке катысты салыстырмалы ақпаратты ұсынбады. Түзету тек шоғырландырылған қаржылық есептіліктері ақпараттың ұсынылуына ғана әсер етеді және Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын немесе қызметінің қаржылық нәтижелерін өзертпейді.

*7 ХКЕС (IFRS) түзетулері «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» - «Қаржы активтерінің және қаржылық міндеттемелердің өзара есепке алынуы»*

Мұндай түзетулерге сай компоненттердің өзара есепке алу күкүншіліктері және тиісті келісімдер туралы ақпаратты (мысалы, қаржылық міндеттемелердің өзара есепке алу туралы келісімдер) ашып көрсетуге міндетті. Мұндай ашып көрсетулер пайдаланушылардың өзара есепке алу туралы келісімнің компанияның қаржылық жағдайына әсер етуін бағалау үшін пайдалы болатын ақпараттен қамтамасыз етеді. Ақпаратты ашып көрсетуге катысты жаңа талаптар 32 ХКЕС (IAS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну» сәйкес өзара есепке алынатын мойындалған барлық қаржы құралдарына қолданылады. Ақпаратты ашып көрсетуге катысты талаптар заңмен бескітілгсін өзара есепке алу туралы бас келісімнің немесе олардың 32 ХКЕС-ке (IAS) сай өзара есепке алынатындығына не алынбайтындығына қарамастан дәл сондай келісімнің мәні болып табылатын мойындалған қаржы құралдарына қолданылады. Түзетулер Компанияның шоғырландырылған қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпалын тигізбеді.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)**

Есеп саясатындағы және ақпаратты анықтаудағы озгерістер (жалғасы)

10 ХКЕС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік», 27 ХКЕС (IAS) «Жекелеген қаржылық есептілік»

10 ХКЕС (IFRS) шоғырландырылған қаржылық есептілікке койылатын талаптарда қамтылған 27 ХКЕС-тің (IAS) «Шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілік» болігін ауыстырады. Сондай-ақ стандарт ПКИ-12 түсіндірмесінде «Шоғырландыру – арнаны мақсаттагы компаниялар» қарастырылған мәселелер бойынша нұсқауларды қамтиды.

10 ХКЕС (IFRS) құрылымдалған компанияларды (бұрын арнаны мақсаттагы компаниялар деп атапды) қоса алғанда, барлық ұйымдарга колданылатын бірыңгай бакылау үлгісін айқындаиды. 27 ХКЕС-тің (IAS) талаптарымен салыстырғанда 10 ХКЕС (IFRS) енгізген озгерістер басшылықтан қандай ұйымдардың бакыланатынын анықтау үшін елеулі пайымдауды колдануды талап стеді және сондыктan бас компаниямен шоғырландырылуы тиіс.

Бұл стандарт Топтың ағымдағы инвестицияларының есепке алынуына ықпалын тигізбеді.

11 ХКЕС (IFRS) «Бірлескен қызмет туралы көлісімдер» 28 ХКЕС (IAS) «Қауымдақсан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарга инвестициялар»

11 ХКЕС (IFRS) пен 12 ХКЕС (IFRS) жария етудің інтижесінде 28 ХКЕС (IAS) атаяу 28 ХКЕС (IAS) «Қауымдақсан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарга инвестициялар» деп өзгерді. Стандарттың жаңа редакциясы тек қауымдақсан компанияларға салынған инвестиацияларға катысты гана әмес, сол сияқты бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестиацияларға катысты үлсстік катысу әдісінің колданылуын сипаттайды. Мұндай өзгеріс Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

12 ХКЕС (IFRS) «Басқа компанияларға қатысу үлестері туралы ақпараттың анық көрсету»

12 ХКЕС (IFRS) шоғырландырылған қаржылық есептілік болігінде бұрын 27 ХКЕС (IAS), сондай-ақ 31 ХКЕС (IAS) мен 28 ХКЕС (IAS) қамтылған ақпаратты анық көрсетуге катысты талаптарды біріктіреді. Мұндай анық көрсетулер компанияның еншілес компанияларға, бірлескен қызметке, қауымдақсан және құрылымдалған компанияларға катысу үлестеріне жатады. Бірқатар жаңа анық көрсетуді талап етеді, бірақ бұл Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпалын тигізбеді.

13 ХКЕС «Әділ құнды бағалау»

13 ХКЕС бір стандартта ХКЕС-ке сай әділ құндын бағалауга катысты барлық нұсқауларды біріктіреді. 13 ХКЕС компаниялар әділ құнды пайдалануга тиіс болған көзінде озгерістерді сингізбей, ХКЕС құрамында әділ құнды пайдалану қажет болғанда немесе рұқсат стілгендеге ХКЕС-ке сай әділ құнды бағалауга катысты нұсқауларды береді. 13 ХКЕС әділ құнды шығу бағасы ретінде айқындаиды. 13 ХКЕС-тегі нұсқауларға сай Топ әділ құнды бағалауга катысты өз саясаты, атап айтқаңда, әділ құн бойынша міндеттемелерді бағалау кезінде ескерілетін міндеттемелерді орындау тәусекіл сняқты бағалау үшін пайдаланылатын бастапкы деректердің қайталап таллады. 13 ХКЕС қосымша ақпаратты анық көрсетуді талап етеді. 13 ХКЕС колданылуы Топ айқындаған әділ құнды бағалауга айтарлықтай әсер етпеді.

19 ХКЕС (IAS) «Қызметкерлерге сыйақылар» (2011 жылғы редакцияда)

Ағымдағы есепті кезеңде Топ жаңа редакциядагы стандарттың отпелі ережелері талап ететіндей 19 ХКЕС-ті (ХБЕС) (2011 жылғы редакцияда) колданыды. 19 ХКЕС (ХБЕС) (2011 жылғы редакцияда) белгіленген телемдері бар жоспарларды есепке алу әдісін өзгертерді. 19 ХКЕС-ті (ХБЕС) (2011 жылғы редакцияда) ақпараттың үлкен көлемін анық көрсетуді талап етеді. Мұндай ақпарат 17-ескеріппеде ашылып көрсетіледі.

19 ХКЕС-ті (ХБЕС) (2011 жылғы редакцияда) перспективті тұрде колданылды, ойткені салыстырмалы ақпараттың кайта есептеу елеусіз болып табылады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛГАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРИН ШОЛУ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбекен стандарттар**

Томенде шығарылған, бірақ Тол шоғырландырылған қаржылық есептілікті шыгару күніне әлі күшіне енбекен стандарттар көлтіріліп отыр. Тізімге Топтың пікірінше ақпаратты ашуға, келешекте колданыла қалған жағдайда қаржылық жағдайына немесе қызметтің қаржы нәтижелеріне әсер ететін шығарылған стандарттар мен түсіндірмслер енгізілді. Топ осы стандарттарды олар күшіне енген күнінен бастап колдану идетінде.

**9 ХКЕС «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау»**

ХКЕС жоніндегі көңестің 39 ХБЕС ауыстыру жөніндегі жобасының бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша шығарылған 9 ХКЕС олар 39 ХБЕС айқындалғандай қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді жіктеуге және бағалауга көзқытай колданылады. Бастапқыда стандарт 2013 жылдың 1 қантарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге көзқытай күшіне енеді деп болжанды, бірақ 2012 жылдың желтоқсан айында жарияланған 9 ХКЕС-ке «9 ХКЕС-ті міндетті қолдану күні және ақпаратты анып көрсетуге қатысты өтпелі талаптар» түзетулерді шыгару нәтижесінде міндетті қолдану күні 2015 жылдың 1 қантарына ауыстырылды. Келесі кезеңдердің барысында ХКЕС жөніндегі көңес хеджирлеуді есепке алуды және қаржы активтерінің күнсyzдануын карастырады.

9 ХКЕС бірінші кезеңінің қолдану қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін жіктеуге әсер етеді, бұл ретте басшылық Топтың қаржылық есептілігіне әсер айтартылғай болмайды деп санайды. Аяқталған бейнесі елестету үшін Топ осы стандарттың олар жарияланғаннан кейін жобаның басқа кезеңлерімен байланыстыра отырып қаржылық есептіліктегі сомаларга ықпалын бағалайды.

**32 ХБЕС-ке түзетулер «Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу»**

Осы түзетулердің шенберінде «казіргі сәтте өзара есеп айрысуы жүзеге асыруға бекітілген заңдық құқықты иеленеді» тіркесінің мәні түсіндірледі. Соңдай-ақ түзетулер, солардың шенберінде бір мезгілді емес жалпы төлемдер тетіктері пайдаланылатын есеп айрысу жүйелеріне көзқытай (бірыңғай клиринг орталығы жүйесі сияқты) 32 ХБЕС-те өзара есепке алу критерийлерін қалайша дұрыс қолдануға болатындығын сипаттайды. Мұндай түзетулер Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметтің қаржылық нәтижелеріне әсерін тигізбейді деп болжануда. Түзетулер 2014 жылғы 1 қантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге көзқытай күшіне енеді.

**21 IFRIC «Міндетті төлемдер» түсіндірмесі**

21 IFRIC түсіндірмесінде компания төлеуге әкеліп соқтыратын әрекет болған жағдайда міндетті төлемдерге көзқытай міндеттемені мойындастырығын түсіндіреді. Оның төлемі ен аз шекті мәнге жеткенде жағдайда талап етілестін міндетті төлем жасалған жағдайда түсіндірmede ен аз шекті мәнге жеткенге дейін болжамды міндеттемені мойындауга тыым салынады. 21 IFRS түсіндірмесі Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметтің қаржылық нәтижелеріне әсерін тигізбейді деп болжануда. 21 IFRS түсіндірмесі 2014 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

**39 ХБЕС-ке түзетулер «Тұынды құралдардың новациясы және хеджирлеуді есепке алуды жалғастыру»**

Мұндай түзетулерде хеджирлеу құралы ретінде айқындалған тұынды құралдың новациясы белгіленген критерийлерге жауап берген жағдайда хеджирлеудің есепке алынын токтату туралы талаптан ерекшелік көзделеді. Мұндай түзетулер 2014 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл түзетулер келешек новациялар карастырылған кезде назарға алынады.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРИН ШОЛУ (жалғасы)

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне сибекен стандарттар (жалғасы)

ХКЕС жетілдіру (2009-2011 жылдар)

Томенде санамаланған стандарттарга жетілдірuler Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне асер етпейді:

- 1 ХКЕС «I ХКЕС-ті қайтарап қолдану»;
- 1 ХКЕС «Қарыздар бойынша шығындар»;
- 1 ХБЕС «Салыстырмалы ақпаратқа қатысты талаптарды түсіндіру»;
- 16 ХБЕС «Қосалқы жабдықты жіктеву»;
- 32 ХБЕС «Ұлестік құралдар ұстаушыларына төлемнің салық асері»;
- 34 ХБЕС «Аралық қаржылық есептілік және активтер мен міндеттемелердің жалты сомалары болғанды сегменттер жонинде ақпарат».

Осы жетілдірuler 2014 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді.

### 4. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

2013 жылғы 4 наурызда «КазМұнайГаз» Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 12/2012 шешіміне сәйкес «КазМұнайГаз» Компанияға «Арқагаз» АҚ-ның акцияларын берлі. «Арқагаз» АҚ негізгі қызметі табиги газды сатып алу және оны түпкі тұтынушыларға сату болып табылады.

Иелік ету үлесін беру жалпы бакылаудагы кәсіпорындар бірлестігін көрсететіндіктен, бұз операция Топтың есеп саясатының негізінде үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескерілген болатын.

Үлестерді біріктіру әдісінің колданылуы ретроспективті түрде ескерілді, нәтижесінде 2012 жылдың 31 желтоқсанына және 2012 жылдың 1 қантарына қаржылық жағдай туралы тиісті салыстырмалы шоғырландырылған есеп және 2012 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс, ақша қаражатының қозғалысы мен капиталдың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептер кайта есептелді.

«Арқагаз» АҚ-ның активтері мен міндеттемелері капиталға тиісінше есептей отырып олардың қаржылық есептілігінде баланстық құны бойынша осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілген.

2013 жылғы 30 қыркүйекте «КазТрансГаз» АҚ-ның Директорлар кеңесі «КазТрансГаз Аймак» АҚ-на косу арқылы «Арқагаз» АҚ тарату туралы шешімді кабылдады.